

Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 26 ақпандағы N 19-4 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2011 жылғы 1 шілдедегі N 32-6 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 13 шілдеде N 7-2-123 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 16-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 27.12.2013 № 16-3 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексін, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа алып аудандық мәслихат

ШЕШІМ

ЕТТІ:

1. Аудандық мәслихаттың "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2010 жылғы 26 ақпандағы N 19-4 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-2-87 тіркелген, 2010 жылғы 25 наурыздағы "Жайық таңы" газетінде N 13 жарияланған) шешіміне келесі толықтырулар енгізілсін:

1-тармағы мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) "Капустин Яр" және "Азғыр" ядролық сынақ полигондарының әсерінен
з а р д а п ш е к к е н :

бала кезінен мүгедектеріне, 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға және I топ мүгедектеріне – 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

II топ мүгедектеріне - 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

III топ мүгедектеріне - 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде."

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 сәуірінен туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Сессия төрағасы

А. Таудаев

Мәслихат хатшысы

Д. Жақсыбаев